

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
мен
Тарас Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті
арасындағы
ынтымақтастық жөніндегі Меморандум**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті және Тарас Шевченко атындағы Киев ұлттық университеті, әрі қарай әрқайсысы «Тарап», бірлесіп «Тараптар» деп аталып, білім беру және ғылым саласындағы байланыстарды нығайта түсуге күш сала отырып, екі университеттің оқытушы-профессор құрамы, зерттеушілері мен студенттері арасындағы байланысты дамыту, ортақ ғылыми жобалар ұйымдастыру, білім беру мен ғылыми тәжірибелер алмасу бойынша әрекет етіп, оларды жүзеге асыру мақсатында төмендегі меморандумға келісті:

1-бап

Тараптар Қазақстан Республикасы мен Украина арасындағы достық қатынастарға сүйене отырып, екі елдің заң актілеріне және жалпы халықаралық қағидалар мен нормаларға сәйкес ынтымақтасады.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы жоғары дәрежелі мамандарды дайындау мен олардың біліктілігін көтеру саласында ынтымақтасады.

Студенттердің, магистранттардың, PhD докторанттардың, оқытушылардың саны, мамандықтары мен оқу мерзімдері, ғылыми сынақ мерзімін өткізуі және біліктіліктерін көтеруі әр нақты жағдайға байланысты қосымша анықталады.

3-бап

Тараптар келісім бойынша студенттерді, магистранттарды, PhD докторанттарды және ізденушілерді әр тарап үшін басымдық берілген мамандықтар бойынша оқуын жалғастыру шартымен алмасады. Алмасуды жүзеге асыру тәртібі әр нақты жағдайға байланысты қосымша анықталады.

Ғылыми тәжірибе алмасумен қатар, Тараптар әр түрлі мерзімге және әр түрлі оқу түрлері бойынша студенттердің алмасуы бойынша ынтымақтасады.

4-бап

Тараптар ынтымақтастықтың төмендегідей негізгі бағыттарын белгілейді:

- Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қолдауымен және білікті мамандармен қамтамасыз етуі арқылы Тарас Шевченко атындағы Киев ұлттық университетінде Қазақ тілі, тарихы және мәдениеті орталығын ашу;
- дәрістер оқу үшін жетекші профессорлармен, оқытушылармен алмасу;
- студенттерге, магистрлерге, PhD докторанттарына арналған алмасу бағдарламалары;
- келісілген тақырып бойынша нақты ғылыми зерттеулерді бірлесіп жүргізу;
- тараптардың әрқайсысына өзара тең құқылы тәртіппен әр тарап үшін басымдық берілген мамандықтар бойынша PhD докторанттарын бірлесіп дайындауға қатысу;
- ғылыми баяндама, мақала, монографияларды бірлесіп дайындау;
- ғылыми нәтижелерге, дайындалған магистрлік, диссертациялық жұмыстарға өзара пікір беру, оппонент болуды жүзеге асыру;
- серіктестері дайындаған магистрлік және диссертациялық жұмыстарды қорғауға қабылдау мүмкіндіктерін қарастыру;
- халықаралық ғылыми семинарлар, симпозиумдар, конференцияларға бірлесіп қатысу және оларды өткізу;
- ғылыми тәжірибе алмасудан өтуді ұйымдастыру;
- оқыту әдістері саласындағы алмасуы;
- вебсайт баннерлерін өзара орналастыру және жарнамалық іс-шараларға қолдау көрсету.

Жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін Тараптар әр жағдайға байланысты осы Меморандумға арнайы қосымшаларға қол қояды.

5-бап

Тараптар оқытушылар мен студенттердің өзара мүдделі ортақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауына көмек көрсетеді.

6-бап

Тараптар өздеріндегі ғылыми басылымдарда немесе конференциялардың, симпозиумдардың жинақтарында екінші Тарап қызметкерлерінің ғылыми жұмыстарының басылып шығуына көмек көрсетеді.

7-бап

Осы Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, тараптардың келісуімен бес жыл мерзімге жарамды. Осы Меморандумның мерзімі бес жылдан кейін автоматты түрде ұзартылуы мүмкін. Бір тарап екінші тарапқа Меморандумның тоқтатылуына дейін алдын ала, яғни кемінде 60 күн бұрын жазбаша түрде хабардар ету арқылы бір жақты тәртіп бойынша тоқтатуға құқылы.

Осы Меморандум қазақ, украин және ағылшын тілдерінде заңдылық күші бірдей екі дана етіп жасалды. Осы Меморандум баптарын тусіндіру кезінде келіспеушілік туған жағдайда Тараптар Меморандумның ағылшын тіліндегі мәтініне басымдық береді.

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
атынан

Тарас Шевченко атындағы
Киев ұлттық университеті
атынан

Ректор

Бірінші проректор



ӘБДІРАЙЫМ Б.Ж.

Күні:



ЗАКУСИЛО О.К.

Күні:

дата реєст. ш: 13.04.11г
[Signature]